

"Кедендік бақылау аймақтары туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 200 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы N 574 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 27 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5377 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 474 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.21 № 474 Бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасы Кеден Кодексінің 434-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**

:

1. "Кедендік бақылау аймақтары туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 200 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2285 болып тіркелген, 2003 жылғы 26 шілдеде N 30 (135) "Ресми газетте" жарияланған), мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кедендік бақылау аймақтарын құру, белгілеу және оған кіру ережесінде:

10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Адамдарды кедендік бақылау аймағына жіберу - тек кеден органының рұқсатымен жүзеге асырылады, ал құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтер үшін осы органдардың қаулысын немесе ұйғарымын көрсету бойынша рұқсат етіледі. "

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті (Қ-К. Кәрбозов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК